Түркістан облысы
Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Қазына» бөбекжайы

"Бекітемін"
«Қазына» бөбекжайы
меңгерушісі:
__________ Э.А.Бегалиева

# "Көктем аруы" байқауы




Музыка жетекшісі: Ақжолова.Ұ.

2022-2023 оқу жылы

## *Көктем аруы.*

***Мақсаты:***

*Көктем мерекесіне орай қыздарды әсемдікке, әдемілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын ұстану барысында сөйлеу, жүріп-тұру мәдениетін бала бойына қалыптастыру. Өнерге деген талпынысын жетілдіру.*

***Жүргізуші:***
*Армысың жиналған қауым! Құрметті аналар,ұстаздар,бүлдіршіндер. Қазақ қызы десе ашық,бірақ жүзінде ұйаңдық бар,әдепті,инабатты жане елестейді. Бүгінде сол әдепті де әдемі,инабатты да мейірімді ару қыздарымыз сынға түскелі тұр. «Көктем аруы» байқауына қош келдіңіздер! Олай болса бүгінгі көктем аруларымызды ортаға шақырайық.*

***Жүргізуші:***
*Аруларға біз бүгін тамсанайық,*
*Қыздар деп біз бүгін ән салайық.*
*Келе жатқан Айымды*
*Қошеметпен қол соғып,қарсы алайық!*

*Қарсы алайық Хадишаны*
*Үлгілі қыз ибалы*
*Мерекеге бүгінгі*
*Әкелген көп сыйлары.*

*Білім құйған бойына,*
*Сақтап жүрер ойына.*
*Игерген бар білімді,*
*Шақырайық ортаға Махлияны.*

*Сабырлы қыз Сабира*
*Өн бойында бар талап*
*Игерген бар өнерді*
*Өнеріңді төк енді.*

*Сөйлеген сөзі ақтаңдай*
*Ағарып таң атқандай*

Қошеметпен қарсы алайық
Аяла қызды ақ маңдай.

Ал, халайық,аруларға тамсанайық,
Қыз қылықты дегенге ән салайық.
Атына заты сай аруларға
Тағыда бір қол соғып қарсы алайық.

***Сайсымыз 5 бөлімнен тұрады.***

*1-бөлім: Мен қазақтың қызымын өзін-өзі таныстыру.*
*2-бөлім: Өнер әлемі,өз өнерлерін ортаға салады.*
*3-бөлім: Үй тапсырмасы, қол өнер.*
*4-бөлім: Тал бойына жарасар сәндік киим сән үлгісі.*
*5-бөлім: Анамның сүйікті асы.*

*Әділдікпен баға берер аруға*
*Әділдікпен қара қылды жаруға*
*Әділдікпен алқаларын сайлайық*
*Ханшайымды таңдап бүгін алуға.*

***Әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар:***

1. Бегалиева Э.А. – меңгеруші
2. Тайшибекова Р.Е. – әдіскер.
3. Мешембаева Л.А. – педагог-психолог

*Әділ қазылармен таныс болсақ, арулардың реттік нөмірлерін біліп алайық.*

*1-Мухидин Айым.*

*2-Сатарова Хадиша.*

*3-Миразимова Махлия.*

*4-Сейдахмет Сабира.*

*5-Серік Аяла.*

*Боижеткен арулар келіп жетті танысуға,*
*Бойындағы бар дарынды дарытуға.*

*Қорықпастан сахнаға келіп жетті,*
*Әдеппен,ізетпенен танысуға.*

*Өнер қуып арулар өтер деймін*
*Бір басына өнері жетер деймін*
*Бәсекеге түскен кішкентай ару қыздар*
*Таныстырып өздерін өтер деймін.*

***1-бөлім: Мен қазақтың қызымын өзін-өзі таныстыру.***

*1-Мухидин Айым*

*2-Сатарова Хадиша*

*3-Миразимова Махлия*

*4-Сейдахмет Сабира*

*5-Серік Аяла*

*Әділ қазы алқасы аруларымызға өз бағаларыңызды беріңіздер.*

*Ал,кімнің  өнері бар қаншалықты*
*Би билеп,ал біреулер ән салыпты*
*Бүгінгі көктем аруында бәйге алуға,*
*Арулар аянбай-ақ жан салыпты дей келе*

***2-бөлім: Өнер әлемі,өз өнерлерін ортаға салады.***

*1-Мухидин Айым*

*2-Сатарова Хадиша  -  Өзбек биі*

*3-Миразимова Махлия  -  Испан биі*

*4-Сейдахмет Сабира   -   Хорезм биі*

*5-Серік Аяла   -    Аққу биі*

*Әділ қазы алқасы аруларымызға өз бағаларыңызды беріңіздер.*

*Сегіз қырлы,бір сырлы*
*Біздің қыздар өнерлі*
*Саусақтары майысып*
*Меңгереді бар өнерді.*

***3-Үй тапсырмасы, қол өнер.***

*Әділ қазы алқасы аруларымызға өз бағаларыңызды беріңіздер.*

*Сымбатына сән киім жарасады*
*Аспандағы ай менен таласады*
*Өнеріне өңі сай келіп тұрған*
*Аруларға қызығып қарайсың дей келе*

***4- Тал бойына жарасар сәндік киім сән үлгісі.***

*1-Мухидин  Айым*

*2-Сатарова  Хадиша*

*3-Миразимова  Махлия*

*4-Сейдахмет  Сабира*

*5-Серік  Аяла*

*Әділ қазы алқасы аруларымызға өз бағаларыңызды беріңіздер.*

*Арусыңдар таудай биікталабың,*
*Қызысыңдар еркін өскен даланың*
*Ал,қанекей мүдірмеңдер бұл сында*
*Асәзірлеу,қыздар үшін қиын шаруа болып па?*

***5-бөлім: Анамның сүйікті асы.***

*1-Мухидин Айым.*

*2-Сатарова Хадиша.*

*3-Миразимова Махлия.*

*4-Сейдахмет Сабира.*

*5-Серік Аяла.*

*Әділ қазы алқасы аруларымызға өз бағаларыңызды беріңіздер.*

*Енді әділ қазы алқаларынанбарлық ұпай сандарын санап, жеңімпаздарды анықтауларын сұраймыз.*

***Қорытынды сөз әділ қазы алқаларына беріледі.***

***Марапаттау рәсімі:*** *Осымен бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті. Келіп тамашалағандарыңызға рахмет. Бүгінгі жеңімпаз қыздарымызды құттықтаймыз!*

Әдіскер:




*Музыка жетекшісі: Акжолова Ұлжалғас*

*«Көктем аруы – 2023» байқауы*

